**Аннотация.** Мақалада Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ арасындағы әлеуметтік серіктестік аясында архив ісі және құжаттану мамандарын даярлауда өзара әрекеттесу мәселелері қарастырылды. Әлеуметтік әріптестіктің халықаралық тәжірибесі, білім беру жүйесі қызметінің нәтижелерін арттыруға, қазақстандық экономика мен жұмыс берушілердің қажеттіліктерін ескере отырып, кадрларды даярлау деңгейіне қол жеткізуге, оқытудың өндіріспен байланысын нығайтуға бағытталған үздіксіз кәсіби білім беруді дамытудағы әлеуметтік әріптестіктің рөлі талданды.

**Түйін сөздер:** архив, архив ісі, құжаттану, әлеуметтік әріптестік, дуальды оқыту, жұмысберуші, жоғарғы оқу орны, кәсіби білім беру.

## Взаимодействие архива и вуза в рамках социального партнерства

*Жансауле Алиевна Макатова<sup>1</sup>, Нурзипа Кумешбаевна Алпысбаева<sup>2</sup>, Ботагөз Бейсенбекқызы<sup>3</sup>*

<sup>1</sup>Архив Президента Республики Казахстан, д.п.н., профессор, старший эксперт Учебно-методического центра

<sup>2</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, к.и.н., доцент

<sup>3</sup>Архив Президента Республики Казахстан, эксперт Учебно-методического центра

**Аннотация.** В статье рассматриваются вопросы взаимодействия Архива Президента Республики Казахстан и КазНУ им. аль-Фараби по подготовке специалистов архивного дела и документоведения в рамках социального партнерства. Анализируется международный опыт социального партнерства, роль социального партнерства в развитии непрерывного профессионального образования, ориентированного на повышение результатов деятельности системы образования, достижение уровня подготовки кадров с учетом потребностей казахстанской экономики и работодателей, укрепление связей обучения с производством.

**Ключевые слова:** архив, архивное дело, документоведение, социальное партнерство, дуальное обучение, работодатель, высшее учебное заведение, профессиональное образование.

## Interaction between the archive and the university within the framework of social partnership

Zhansaule A. Makatova<sup>1</sup>, Nurzipa K. Alpysbaeva<sup>2</sup>, Botagoz Beisenbekkyzy<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Archive of the President of the Republic of Kazakhstan, doctor of Pedagogical science, Professor, Senior Expert of the Educational and Methodological Center

<sup>2</sup> Al-Farabi Kazakh National University, Candidate of Historical science

<sup>3</sup>Archive of the President of the Republic of Kazakhstan, expert of the Educational and Methodological Center

**Abstract.** The article deals with the issues of interaction between the Archive of the President of the Republic of Kazakhstan and the Al-Farabi Kazakh National University in the training of specialists in archival affairs and documentation within the framework of social partnership. The article analyzes the international experience of social partnership, the role of social partnership in the development of continuing professional education focused on improving the performance of the education system, achieving the level of training taking into account the needs of the Kazakh economy and employers, strengthening the links of training with production.

**Key words:** archive, archival work, documentation, social partnership, dual training, employer, higher educational institution, vocational education.

### Кіріспе

Әлеуметтік әріптестік кадрлық әлеуетін дамытудың негізгі факторы ретінде және білім мен өндірісті интеграциялаудың тиімді құралы болып табылады. Яғни, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауда барлық мүдделі тараптардың: мемлекеттің, жұмыс берушілердің және қоғамның тиімді және жауапты ынтымақтастығы қажет. Бүгінгі таңда түлектің білім беру дайындығын жетілдіру әлеуетті жұмыс берушілер болып табылатын ұйымдардың қатысуынсыз жүзеге асырыла алмайтыны анық. Осындай өзара әрекеттесу нысандарын дамыту әлеуметтік серіктестік тетіктері арқылы іске асырылады.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде әлеуметтік әріптестік ресми заңдастырылған [1], Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының қағидаттарының бірі болып жарияланды (ҚР Еңбек кодексінің 4-бабы).

Әлеуметтік әріптестік жұмыскерлер (жұмыскерлердің өкілдері), жұмыс берушілер (жұмыс берушілердің өкілдері), мемлекеттік органдар арасындағы еңбек қатынастарын және еңбек қатынастарымен тікелей байланысты өзге де қатынастарды, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық қатынастарды реттеу мәселелері бойынша олардың мүдделерін келісуді қамтамасыз етуге бағытталған, тең құқықты ынтымақтастыққа негізделген өзара қатынастар жүйесі ретінде айқындалады [2].

Әлеуметтік әріптестік әртүрлі деңгейдегі үздіксіз кәсіби білім беруді дамытуда ерекше маңызды рөл атқарады, білім беру жүйесі қызметінің нәтижелерін арттыруға, экономика салалары мен жұмыс берушілердің қажеттіліктерін ескере отырып, кадрларды даярлау деңгейіне қол жеткізуге, оқытудың өндіріспен байланысын нығайтуға, оның ішінде дуалды оқытуды енгізуге бағытталған жаңа серіктестік.

Ақпараттық технологияларды дамыту, еңбекті заманауи ұйымдастыру, топтармен жұмыс істеу, тез дұрыс шешім қабылдау бірінші кезекте білімалушылардан кәсіби дағдылар мен құзыреттерді талап етеді. Сонымен қатар қазіргі уақытта коммуникативті және әлеуметтік салаларға деген сұраныс артып келеді. Осы тұрғыдан алғанда кәсіби білім берудің рөлі жеке тұлға үшін де, жұмыс беруші үшін де, жалпы қоғам үшін де ерекше маңызға ие. Әлеуметтік әріптестікті дамыту – жоғарғы оқу орындарының басты

міндеттерінің бірі. Сондықтан қарастырылып отырған мәселе Қазақстандағы білім беру жүйесін дамыту және жетілдіру контекстінде өзектілігін арттыруда.

### **Материалдар мен әдістер**

Жоғары білім беру жүйесіне қатысты әлеуметтік әріптестік мәселелерімен Ю.Н. Пак, Ж.С. Нугужин, Д.Ю.Пак [3], Г.О. Абдикерова [4], Р.Е. Жакупов пен М.Х. Хасенов [5], шетелдік зерттеушілер Н.С. Морозова [6], А.И. Патрахин [7], Н.В. Тюкалова [8] және т. б. айналысты.

Еуропа елдерінің білім беру жүйесіндегі әлеуметтік серіктестіктің мәні, функциялары мен ерекшеліктері Э. Лутохина [9], А.А. Муравьева [10], А.В. Герасимов [11] зерттеулерінде қарастырылады.

Мәселенің ұғымдық аппараты И.Н. Модель, Б.С. Модель [12] еңбегінде беріледі, онда әлеуметтік серіктестік барлық мүдделі тараптардың келісімі негізінде әлеуметтік өзара әрекеттесу арқылы қол жеткізілетін мүдделер тепе-теңдігі ретінде түсіндіріледі.

Жоғарыда айтылғандарды тұжырымдай келе, Қазақстанның қазіргі білім беру жүйесіндегі әлеуметтік әріптестіктің қалыптасуы мен даму мәселелері бүгінгі таңда жеткілікті зерттелмеген, яғни, мәселенің тереңірек зерттеле түсуі қажеттігін көрсетеді.

Зерттеу жұмысы барысында әлеуметтік әріптестік туралы отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектері қолданылды. Тақырыпқа қатысты нормативтік құжаттарға талдау жасалып, ғылыми мақалалар пайдаланылды.

### **Талқылау**

#### *Әлеуметтік әріптестіктің шетелдік тәжірибесі*

Шет елдердегі әлеуметтік әріптестік заңнамалық мәртебесі бар және экономикалық (еңбек нарығындағы экономикалық субъектілердің мінез-құлқын реттеу), сондай-ақ әлеуметтік функцияларды орындайтын жастарды оқытуда, кәсіптік бағдарлауда, бейімдеуде және жұмыспен қамтуда ұжымдық күш-жігердің нәтижелеріне қол жеткізуге ықпал ететін маңызды институт ретінде қалыптасты [13].

Шет елдердегі әлеуметтік әріптестіктің негізгі қағидаттарына тараптардың өзара мүдделері мен тең құқықтарын есепке алу, негізгі нормативтік-құқықтық актілердің сақталуы, шешімдер қабылдаудың еріктілігі, негізгі субъектілердің міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершілігі және т.б. жатады. Шет елдердегі әлеуметтік әріптестік деңгейлері аумақтық және салалық белгілерді ескере отырып бөлінеді, олардың әрқайсысында әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу үрдісінің негіздері көрсетілген, яғни, ұлттық (федералды), аймақаралық, аймақтық, салалық, аумақтық, жергілікті [14].

Келіссөздер үдерісі субъектілерінің шетелдік тәжірибеге атсалысу дәрежесіне қатысты әлеуметтік серіктестің үш негізгі моделі бар:

*Бірінші модель* Еуропаның солтүстігінде – Швеция, Финляндия, Норвегия мен Бельгияда қалыптасты. Бұл мемлекеттің еңбек қатынастарына және оларды реттеуге белсенді араласуымен сипатталады. Сонымен қатар, бұл модельде серіктестің үш деңгейі маңызды болып саналады: жалпыұлттық, салалық және кәсіпорын деңгейі. Мысалы, Бельгияда жоғары ұлттық деңгейде Ұлттық еңбек кеңесі бар. Оған үш серіктестің әрқайсысынан қатысушылардың тең саны кіреді. Мемлекет заңнамалық функцияны да өз міндетіне алады. Екінші, салалық деңгейде «паритеттік комиссиялар» құрылады. Кәсіпорын деңгейінде мәселелер екіжақты негізде шешіледі: кәсіпкерлер – кәсіподақтар.

Әлеуметтік серіктестің *екінші моделі* бір деңгейлі. Ол негізінен кәсіпорындар деңгейінде ұжымдық шарттар жасаумен шектеледі. Бұл модель Канада мен АҚШ-қа, Жапонияға, Латын Америкасының бірқатар елдеріне тән. Кәсіпкерлер бірлестіктері, кәсіподақтар сияқты, өз депутаттары арқылы заңнамаға, ал олар арқылы – әлеуметтік әріптестер арасындағы қатынастарға ықпал етуге тырысады.

*Үшінші модель* Орталық Еуропаға тән (Германия, Австрия және т. б.). Оны бірінші және екінші модельдер арасындағы аралық деп санауға болады. Үшінші модельде әлеуметтік серіктестікте басты назар оның салалық деңгейіне қойылады. Жалпы ел деңгейінде үш тараптың бірлескен келісімдері қабылданбайды, мәселе тек кеңесумен ғана шектеледі, тіпті ондай жағдайда да міндетті емес [15].

**Ұлыбританияның** кәсіптік білімінде серіктестік («Vocational Partnerships») кәсіптік құзыреттерді алуға, біліктілікті арттыруға, жұмысшы кәсіптер саласында даярлау моделін құруға және кәсіптік дағдыларды дамытуға негізделген жұмысшы кадрларды дайындауға мүдделі тұлғалар үшін байланыс орнатудың маңызды элементі болып табылады.

Ұлыбританиядағы және басқа Еуропа елдеріндегі серіктестермен жұмыс жүйесі оны жасаушылар жаһандық экономиканың қажеттіліктеріне жауап беретін кәсіби біліктілікті алудың халықаралық, танылған моделіне қарай жылжып келе жатқанын көрсетеді. Кәсіптік білім беру жүйесімен байланысты серіктестер желісі жүйенің тәжірибемен байланысын қамтамасыз ете отырып, оның инфрақұрылымын анықтайды. Ұлыбританиядағы және басқа Еуропа елдеріндегі серіктестермен жұмыс жүйесі жаһандық экономиканың қажеттіліктеріне жауап беретін кәсіби біліктілікті алудың халықаралық, танылған моделіне қарай дамып келе жатқанын көрсетеді. Кәсіптік білім беру жүйесімен байланысты серіктестер желісі жүйенің тәжірибемен байланысын қамтамасыз ете отырып, оның инфрақұрылымын анықтайды. Үкімет және білім мен жұмыспен қамту Департаменті (Department for Education&Skills – SfES) кәсіби стандарттарды, оларды талдауды және Ұлттық кәсіптік даярлықты мақсат етуді қамтамасыз ететін кеңестердің тиісті секторларын (Sector Skills Councils – SSCS) қолдау және қаржыландыру арқылы білім беруді дамыту саясатын қамтамасыз етеді.

Ұлыбританияда «заманауи шәкірттік» бағдарламасы (modern apprenticeships – Mas) іске асырылуда – жоғары оқу орнында оқытудың толық курсы аяқтауды талап етпейтін, кәсіптік дағдыларды дамыту, тарату және жетілдіру жөніндегі техникалық нұсқаулықтармен толықтырылған, жұмыс орнында оқытудың жоғары дәрежедегі құрылымдық бағдарламасы болып табылады. Бұл әр түрлі жұмыс берушілер топтары білікті жұмыс күшін толықтыру және дайындық сапасын сақтау үшін қолданатын дайындық жүйесі; кәсіби мамандарды даярлау мен қайта даярлауда жетістікке жеткен сыналған әдіс; жұмыс берушілер белгілі бір кәсіптер үшін дағдылар мен машықтарды үйрету үшін қолданылатын ерікті дайындық жүйесі. Бұл бағдарламаға 25 жасқа дейінгі, еңбек даярлығын алғысы келетін жастар тартылуы мүмкін; бұл ретте жоғарғы курс студенттерінен кіші курс білімалушыларына жиі қиындық туғызатын негізгі дағдыларды меңгеруді талап етілмейді [16].

Кәсіптік бағдар беретін маңызды әлеуметтік әріптестік контекстінде Ұлыбританиядағы мемлекеттік бастамалардың бірі базалық даярлық курстарын (Foundation degrees) ұйымдастыру болып табылады. Мұндай курстар желісінің дамуы жұмыс берушілер, аймақтық даму агенттіктері, шеберлік кеңестері, университеттер мен колледждер арасындағы серіктестік пен ынтымақтастықтың нығаюы болып табылады. Курстар екі жыл ішінде жоғары білім шеңберінде біліктік береді және бакалавр дәрежесінің үштен екісіне тең болады (толық бакалавр дәрежесін тағы бір жыл оқу арқылы алуға болады). Мұндай курстар жастардың толық университеттік курсына игере алмайтын бөлігі үшін арналған.

**Францияда** кәсіптік бағдарлау маңызды серіктестіктерді ұйымдастыру тәжірибесі 16 мен 26 жас аралығындағы жастар қол жеткізе алатын «заманауи шәкірттік бағдарламалар» (modern apprenticeship) аясында іске асырылады (егер олар орта мектептің төменгі сатысын бітірсе немесе колледжде үш жыл оқыса, 16 жасқа дейінгі

жасөспірімдерге де рұқсат етілуі мүмкін және 26 жастан асқан мүгедектер). Бағдарламаны іске асыру үшін жұмыс беруші мен білім алушының арасында елдің еңбек заңнамасында көзделген келісімшарт жасалады. Келісімшарттың ұзақтығы оқу кезеңінің ұзақтығына байланысты және әдетте алынған біліктілік деңгейіне байланысты 1–3 жылды құрайды [17].

Білім алушы кәсіпорында өткізілетін практикалық дайындықты толықтыратын тәжірибелік және теориялық дағдыларды алады. Оқу жоспарының үштен екісі жалпы пәндерге (тіл, математика, экономика мен менеджментке кіріспе, заңнама), техника сабақтарына (технология, сызу және т.б.) беріледі; үштен бірі кәсіпорындағы практикалық сабақтарға тиесілі. Әдетте сыныптағы бір апталық оқу екі апталық тәжірибемен бірге жүреді. Жұмыс беруші жұмысқа қабылданған жастарды келісімшарт шеңберінде тиісті дайындықты қамтамасыз ететін шәкірттік орталыққа (CFA) жіберуге міндетті. Бұл орталықтар мемлекет арасындағы (ұлттық орталықтар үшін) немесе жергілікті билік органдары, кәсіподақ, сауда палатасы, кәсіпорын, қоғамдық немесе жеке оқу орны, сондай-ақ жеке тұлға кіретін аймақтық кеңес пен орталықтың басқарушы органы арасындағы келісімнің арқасында пайда болған білім беру ұйымдарын білдіреді.

Францияда білім министрлігі мен ауыл шаруашылығы министрлігінің бақылауындағы 70 білім беруді басқаратын 12 ұлттық оқыту орталығы бар (800-ге жуық аймақтық орталықтардың 200-і ауыл шаруашылығына жатады). Орталықтар Білім министрлігі тарапынан әдістемелік көмек, сондай-ақ мемлекеттен немесе өңірден техникалық және қаржылық қолдау алады (жасалған келісімге сәйкес) [18].

**Нидерландыда** үкімет тек компаниялар ұсынатын оқытуды қоспағанда («жұмыс орнында оқыту»), орта кәсіптік білім беру мен оқытуды ұйымдастыруға және оны қаржыландыруға жауап береді. Дегенмен, заң сонымен қатар ұлттық кәсіптік білім беру және оқыту ұйымдары және кәсіптік білім беру мен оқытуды ұйымдастыру және жүзеге асыру құқығына ие аймақтық кәсіптік білім беру және оқыту орталықтары сияқты әлеуметтік құрылымдарды құруды қарастырады. Яғни, мемлекет осы саладағы өкілеттіктерді тәуелсіз құрылымдарға береді. Сондықтан Нидерландыда мемлекет, жұмысшылар мен жұмыс берушілердің мүдделерін білдіретін және еңбек нарығы мен кәсіптік білім беру мен оқыту арасындағы өзара іс-қимылды жүзеге асыратын кәсіптік білім беру мен оқытудың 22 «ұлттық ұйымы» (National bodies) құрылды [19]. Заңды түрде бұл ұйымдар жеке құрылымдар мәртебесіне ие және мемлекеттің тапсырмасы бойынша заңнамада белгіленген міндеттерді орындай отырып, жеке құқық шеңберінде (қорлар немесе қауымдастықтар ретінде) жұмыс істейді. Бұл ретте, мемлекеттік міндеттермен қатар, олар коммерциялық қызметті жүзеге асыруға құқылы (мысалы, жұмыспен қамтылған халықты компаниялармен немесе өңірлік жұмыспен қамту қызметтерімен келісімшарттар бойынша оқыту). Сонымен қатар, олар оқу материалдарын әзірлеп, баспа ісімен айналыса алады. Бұл ұйымдар өнеркәсіп және бизнес өкілдерінен, Нидерланды Кәсіподақтар конфедерациясынан және білім беру жүйесінен құрылады. «Ұлттық ұйымдар» оқытуды тікелей ұсынатын компаниялардың; кәсіпорын және сауда саласының мамандары мен салалар бойынша инновациялық орталықтардың тұрақты өзара іс-қимылы мен кеңес беруді жүзеге асыра отырып, біліктілік құрылымының сапасын қамтамасыз етеді. Әлеуметтік серіктестер «студенттік орындарды» және өндірістік тәжірибеге сәйкес жағдайларды қамтамасыз ете алатын компанияларды іздейді. Компаниялар екі себеп бойынша білімалушылардың орындарын ұсынуға мүдделі: біріншіден, олар «білімалушылар» ішінен қажетті мамандарды таңдай алады, екіншіден, «студенттер» өндірістік оқытудан өтіп, компанияда жұмыс істейді. «Білімалушы» орындарын жұмыс берушілер төлейді. Жұмыс беруші мен студент арасында келісімшарт жасалады, ол арқылы студент оқу кезеңінде компанияның қызметкері болады және ең төменгі жалақы



алады. Сонымен қатар, жұмыс берушілер өндірістік оқыту нұсқалықтары мен оқу материалдарының құнын төлейді, бұл үшін олар белгілі бір салық жеңілдіктерін алады. «Студенттік» орындарды ұсына отырып, компаниялар жеткілікті үлкен шығындарға ие, бұл көбінесе жеке компания үшін өте ауыр. Сондықтан, сала шеңберіндегі кәсіпорындар бірігіп, «білімалушы» орындарын бірлесіп беру туралы келісім жасасуы да мүмкін. Кейбір жағдайларда олар өндірістік оқыту орталықтарын ұйымдастыра алады.

Германияда кәсіптік бағдар беретін маңызды әлеуметтік әріптестік кәсіптік білім берудің дуалды жүйесінің маңызды элементтерінің бірі болып табылады. Германияда кәсіптік оқытуды дамытуға бірқатар институттар жауап береді: кәсіпорындарда оқытумен айналысатын корпоративті мемлекеттік құрылымдар, кәсіптік оқыту жөніндегі жер комитеттері, еңбек, қаржы және мәдениет министрліктері, кәсіптік оқытудың федералды институты, Федералды еңбек қызметі. Әлеуметтік серіктестер дуалды білім беру біліктілігін әзірлеуге белсенді қатысады. Жұмыс берушілер қаражатының едәуір бөлігі білім алушыларға жәрдемақы төлеуге, үй-жайларды ұстауға, педагогтар мен нұсқаушылардың жалақысына жұмсалады. Аттестаттауды өткізу құқығы өңірлік кәсіптік білім беру және оқыту орталықтарына бекітілді, бұл ретте аттестаттаудың мазмұны мен рәсімін Білім беру министрлігі айқындайды. Яғни, біліктіліктің 51%-ы үшін сыртқа аттестаттау рәсімдері көзделген. Қолданыстағы заманауи сәйкес кәсіби біліктілікке жетудің екі жолы бар. Біріншісі оқытудың 60%-дан астамы өндірісте, екіншісі 20%-ға дейін өтеді деп көрсетеді. Әлеуметтік серіктестер бірінші жолды жүзеге асырған жағдайда «білімалушы орындарын» ұсына алатын компанияларды іздейді, ал оларды жұмыс беруші төлейді: өйткені студенттер компанияда жұмыс істейді және кадрлық әлеуетін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте келісімшарт жұмыс беруші мен тікелей білімалушы арасында жасалады. Екінші жол іске асырылған жағдайда келісімшарт білім беру ұйымы мен жұмыс беруші арасында жасалады.

Көбінесе жұмыс берушілердің «жастардың шәкірттеріне» шығындары соншалықты жоғары, бұл белгілі бір жұмыс беруші үшін өте ауыр. Бұл мәселені шешу үшін, сондай-ақ Нидерландыда оқыту бағдарламаларын іске асыру үшін өндірістік оқыту ресурстық орталықтары немесе компаниялардың мақсаты бірлестіктері құрылады.

Финляндияда әлеуметтік серіктестіктің табысты тәжірибелері енгізілді. Онда білім беру ұйымдарының, кәсіпорындардың және басқа да субъектілердің жүйелі өзара іс-қимылының екі моделі қалыптасқан: стратегиялық және жедел әлеуметтік әріптестік. Бірінші модель өңірлік және жергілікті желі шеңберінде байланыс торабын құруға, еңбек саласын дамыту туралы ақпарат және даму перспективаларын пайымдауды негіздеуде, жұмыс берушілер топтарымен, кәсіпкерлермен байланыстарды қалыптастыруға бағытталған [20]. Әлеуметтік әріптестіктің осы түрін іске асыру ресми және бейресми кеңестер мен кеңес беру органдар атынан бірлескен институттар құруды білдіреді.

Жедел модель шеңберіндегі ынтымақтастық еңбек нарығында қажетті дағдыларды айқындауға, жастарды жұмыс орындарында оқыту үшін жұмыс орындарын ұсынуға (бұдан әрі жұмыспен қамтуды және жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету), кәсіпорында студенттер мен оқытушылардың тағылымдамаларын ұйымдастыруға, өңірлік дамуға, инвестициялар тартуға және кәсіптік білім беру ұйымдарын қажетті жобалармен, жабдықтар мен материалдармен қамтамасыз етуге, бірлескен жобаларды дайындау мен жүзеге асыруға бағытталған. Бұл түрдің әлеуметтік серіктестігі Білім беру ұйымдары мен кәсіпорындар арасында жасалған келісімдерге негізделген.

Сонымен қатар, Финляндияда әртүрлі тәлімгерлік бағдарламалар енгізілді, олар білім алушылардың оқу дағдыларын жетілдіру және бастауыш кәсіптік білім алу үшін дайындық ретінде қарастырылады. Олардың ішінде жастардың бастауыш кәсіптік білім беру мекемелеріне түсуге қосымша дайындығын қамтамасыз етуге және әртүрлі

оқу пәндерімен, бағыттарымен, кәсіптерімен және еңбек өмірімен тәжірибе арқылы танысуға бағытталған «Амматтистартти – кәсіби стандарты» ерекше атауға болады.

Шетелдік кәсіптік білім берудің серіктестік қатынастарына негізделген кәсіптік бағдарлау маңызды бастамалары, осылайша, елдің немесе аймақтың білім беру және кадр саясатымен келісілген кәсіптік білім берудің қалыптасқан тәжірибесінің ажырамас бөлігі болып табылады немесе жалпы білім берудің кәсіптік бағдарлау компонентінің мақсаттары мен құндылықтарына сәйкес оқшауланған түрде әрекет етеді.

*ҚР Президентінің Архиві мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ арасындағы әлеуметтік серіктестік*

Әлеуметтік әріптестіктің басты міндеті – қазақстандық экономиканың нақты секторы мен әлеуметтік сала талап ететін білікті мамандарды: жоғары және орта кәсіптік білім беру бағдарламалары шеңберінде біліктілігін арттырған, даярлаудан, қайта даярлаудан өткен мамандарды даярлауға кепілдік беретін әріптестердің тығыз өзара іс-қимылын жолға қою. Әлеуметтік әріптестер өз қызметінде ынтымақтастықтың еріктілігі, прагматизм және өзара пайда, ақпараттық ашықтық, келісу тараптар арасындағы функциялар мен тәуекелдердің аражігін ажырату, қабылданған міндеттемелерді орындау үшін тараптардың заңды, материалдық және моральдық жауапкершілігі сияқты жалпыға бірдей белгілі қағидаттарды басшылыққа алады.

Кәсіби білім беру саласындағы серіктестердің өзара әрекеттесудің негізгі бағыттары:

- жұмыс берушілердің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, оқу жоспарлары мен негізгі оқу бағдарламаларын әзірлеуге қатысуы;

- кәсіпорындардың технологиялық базасын пайдалана отырып, білім алушылардың практикаларын, жас мамандардың тағылымдамаларын ұйымдастыру;

- мамандарды даярлау және оларды жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша ынтымақтастықты дамыту;

- еңбек нарығын кәсіби біліктілік талаптарына сәйкес жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету;

- оқыту үдерісіне кәсіби қызмет тәжірибесі бар мамандарды тарту;

- білім алушыларды қорытынды аттестаттау кезінде мамандарды даярлау сапасын бақылауды ұйымдастыруға қатысу.

ҚР Президенті Архивінде іске асырылатын әлеуметтік әріптестік жүйесі «Қазақстан Республикасы Президенті Архивін дамыту тұжырымдамасының» басым бағыттарының бірі болып табылады. Архив пен ЖОО-ның Әлеуметтік әріптестік шеңберіндегі өзара тиімді ынтымақтастығы әртүрлі деңгейде білім беру мазмұнының үздіксіздігіне, сабақтастығына, интеграциясына негізделеді және көптеген бағыттар бойынша түрлі нысандарда жүзеге асырылады.

2016 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві әлеуметтік әріптестік туралы бірқатар шарт жасасты: Астана қаласының мемлекеттік архиві, ҚР Қорғаныс министрлігінің Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Ұлттық әскери-патриоттық орталығы, Қазақ ұлттық өнер университеті, ҚР Ұлттық мұражайы, Ресей мемлекеттік гуманитарлық университеті, «Астана қаласы әкімдігінің Оқушылар сарайы» МКҚК, Қорқыт атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Назарбаев университетімен және т. б.

2016 жылы архив пен Ресей мемлекеттік гуманитарлық университеті арасында әлеуметтік серіктестік туралы келісімге қол қойылды. Әлеуметтік әріптестік аясында архившілер арасында ашық дәрістер, конференциялар, жазғы мектеп және т. б. іс-шаралар форматында тәжірибе алмасу бағдарламалары жүзеге асырылады.

Архивтің білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық нысандарының бірі архившілер мен құжаттанушыларды кәсіптік даярлау мәселелері бойынша семинар-кеңестер

өткізу, оған архив мекемелері қызметкерлерімен қатар, жоғарғы мен арнайы орта оқу орындарының студенттері, магистранттары, докторанттары мен жас оқытушылары қатысады.

Жоғары білім беру жүйесіндегі әлеуметтік әріптестіктің артықшылығы – ең алдымен түлектердің, яғни болашақ архивші-құжаттанушы мамандардың жұмысқа орналасуы, кәсіби ортаға бейімделуі.

Республикада архивтанушы-құжаттанушы мамандарды даярлау әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде іске асырылады. Бүгінгі таңда ҚазҰУ әлемдегі ең үздік 150 университет қатарына енген Қазақстан мен Орталық Азиядағы жалғыз жоғары оқу орны. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 25 шілдедегі № 516 қаулысымен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне зерттеу университеті мәртебесі берілді. Зерттеу университетінің моделін іс жүзінде іске асыру, іргелі және қолданбалы зерттеулердің нәтижелеріне сүйене, қазақстандық экономиканы жаңғырту тетігін қалыптастыра отырып, ҚазҰУ қоғам мен бизнес үшін пайдалы зерттеулер мен әзірлемелерді орындайды – дейді ҚазҰУ ректоры Ж. Түймебаев [21]. Яғни, зерттеу университетінің негізгі бағыты білім, ғылым және өндірісті ұштастыру. 10 жылдан астам уақыт бойы архивтанушы-құжаттанушы мамандар даярлауда ынтымақтастық туралы шарт негізінде Қазақстан Республикасы Президентінің архивімен өзара арақатынастар жүзеге асырылуда.

Архивтің университетпен өзара әрекеттесудің негізгі нысандарда:

◆ дуальды оқыту жүйесін іске асыру, яғни жұмыс берушілерді (практик-мамандарды) оқу үдерісіне тарту: емтихан комиссиясының жұмысына жұмыс берушілерді қатыстыру, негізгі оқу бағдарламаларына сараптама жасау, оқу жоспарларын түзету, оқу құралдары мен оқулықтарын, құжаттар жинақтарын бірлесіп дайындап, шығару, рецензиялау, ғылыми жобаға қатысу, бірлесіп ғылыми мақалалар жариялау;

◆ білімалушылардың (студенттер, магистранттар мен докторанттар) кәсіби практикаларын (өндірістік, диплом алды, зерттеу) ұйымдастыру;

◆ жыл сайын өткізілетін Халықаралық Жас архившілердің жазғы мектебін, Архившілердің халықаралық конгресін, халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларды, архивтану, құжаттану, археография және деректану ғылымдарының өзекті мәселелеріне арналған дөңгелек үстелдер, архивтану және құжаттану бағыты бойынша республикалық пәндік олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу;

◆ біліктілікті арттыру курстарын өткізу.

Университет пен жұмыс берушілердің әлеуметтік әріптестік аясында өзара әрекеттесуінің ең тиімді нысандарының бірі дуальды оқыту жүйесі болып табылады.

Бүгінгі таңда кәсіби білікті, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауда дуальды оқыту жүйесінің алатын орны ерекше. Дуальды білім беру жүйесінің ерекшелігі – теорияны өндіріспен ұштастыра отырып оқыту. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 19-1 тармақшасында дуальды оқыту қағидалары ресми бекітілген [22]. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тарих факультетінің дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасында «Архивтану, құжаттану және құжаттаманы басқаруды қамтамасыз ету», «Сандық архивтану және құжаттану», «IT Архивтану және құжаттану» білім беру бағдарламалары бойынша ҚР Президенті Архивімен дуальды білім беру жүйесі 2017 жылдан бастап іске қосылуда. Екі мекеме арасындағы дуальды білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісім-шарт жасалынған. 2022 жылы келісім-шарт толықтырылып, қайтадан жаңартылды [23].

Білім беру бағдарламаларының оқу жоспары практикаға бағдарланған, яғни, практикалық сабақтарға басымдылық беріледі. Мамандық студенттері

«Автоматтандырылған архивтік технологиялар», «Электронды құжаттар және архивтер», «Жеке текті архивтер», «Тарихи құжаттың құнын бағалау», «Құжаттарды цифрлау технологиялары» пәндері бойынша дәріс және практикалық сабақтарын осы архив базасында өтеді. Білім алушылар өндірісте оқу барысында архивті құжаттармен толықтыру, құжаттарды сақтау, оларды жариялау, сандық технологияларға өткізу, құжаттарды архив қорларынан анықтау, істер номенклатурасын жасау, істер тізімдемесін құрастыру, ғылыми-анықтамалық ақпаратпен жұмыс жасау, құжаттарды есепке алу, істерді сипаттау, құжаттарды қалпына келтіру және т.б. жұмыстар түрлерін өз көзімен көріп, үйренеді, бір сөзбен айтқанда архивтегі жұмыс үрдісіне араласуға мүмкіндік алады. Осылайша кәсіби ортаға бейімделеді.

2019 жылы университеттің ҚР Президент архивінің базасында «Архив ісі және құжаттану» оқу-өндірістік кафедрасы ашылды. Өндірістің базасында осындай кафедраның ашылуы болашақта студенттер, магистранттар мен докторанттардың теориялық білімдерін іс жүзінде практикамен ұштастыруымен қатар үлкен оқу – әдістемелік орталығына айналатыны сөзсіз.

ЖОО мен жұмыс берушілердің өзара іс-қимылының дәстүрлі нысандарының бірі кәсіптік практика. Кәсіби практиканың бакалавриатта негізгі түрлері: оқу, өндірістік және диплом алды, ал магистратура мен докторантурада – педагогикалық және зерттеу. Соның ішінде өндірістік, диплом алды және зерттеу практикалары тиісті кәсіпорындарда өткізіледі. Өндірістік практикада білім алушылар оқу үдерісінде алынған теориялық білімдерін іс жүзінде практикада көрсетіп, тәжірибелік өндірістік дағдыларды игереді, яғни, кәсіби қасиеттері, ал, диплом алды және зерттеу практика барысында білім алушылардың ғылыми (теориялар, ғылымдағы жетістіктері мен көзқарастарды талдау, деректерді өңдеу, сыни тұрғыда талдау, интерпретациялау), ізденіс (қажетті материалдарды анықтау, жинау) құзыреттіліктері қалыптасады.

2018–2023 жж. аралығында дуалды оқыту жүйесі шеңберінде мамандықтың оқу жоспарына сай ҚР Президенті Архивінің базасында өндірістік практикадан – 156 студент, диплом алды – 51 студент, зерттеу практикадан – 24 магистрант пен 7 докторант – (диаграмма 1) өтті.

1. 2018–2023 жж. Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің базасында өткізілген өндірістік тәжірибелер



Кәсіпорын базасында өткізілген практикалар білімалушылардың алғашқы кәсіби


жұмыс тәжірибесін алуын, сол арқылы болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігінің жоғары деңгейін тиімді қалыптастыруды қамтамасыз ететін жетекші фактор болып табылады. Тиісінше, оқу, өндірістік, диплом алды және зерттеу практикалар бағдарламалары, ең алдымен, олардың теориялық және кәсіптік-практикалық, оқу және ғылыми-зерттеу қызметін интеграциялау арқылы студенттердің кәсіби даму деңгейін үздіксіз арттыруға бағытталуы керек.

Ғылым мен өндірісті ұштастыру дуальды білім беру жүйесінің тағы бір ерекшелігі. 2018–2020 жылдар аралығында ҚР Президенті Архивінің қызметкерлерімен бірлесе отырып АР 05135746 «Ақпараттандыру жағдайында архив құжаттарын сақтау әдістерін жетілдіру: Қазақстанның мемлекеттік архивтеріне халықаралық тәжірибелерді енгізу» атты ғылыми жоба іске асырылды (жетекшісі: т.ғ.к., доцент Алпысбаева Н.К., тең жетекшісі: т.ғ.д., проф. Алимгазинов К.Ш.). Жоба нәтижелері оқу үдерісіне енгізілді, «Электрондық құжаттардың құндылығын сараптау», «Тарихи құжаттың құнын бағалау», «Электронды құжаттар және архивтер», «Құжаттарды сақтау және пайдаланудың «бұлтты қызметтері», «Құжаттарды цифрлау технологиялары атты элективтік курстар әзірленді (автор проф. Алимгазинов К.Ш.). Жобаға мамандық студенттері мен магистранттары тартылып, жоба аясында «Ашық азаматтық қоғам тұжырымдамасы аясында ҚР Президент архивінің ғылыми-ақпараттық қызметі» (Бурашов Ш.), «ҚР ҰАҚ құжаттарының құндылығын сараптаудың теориялық аспектілері» (Шотаев М.), «ҚР ПА БКП (б) Қазақ өлкелік партия комитеті 141 қоры: тарихи-архивтанулық талдау» (Туленов А.), «Кәсіпорындағы электронды архив» (Ходжабай М.) диплом жұмыстары мен магистерлік диссертациялар сәтті қорғалды. Жұмысберушілермен бірлесе отырып монография, әдістемелік құралдар дайындалып, жарық көрді [24-28].

Дуальды білім беру жүйесін іске асыру барысында жұмыс берушілермен кәсіби білікті кадрлық әуелетті қалыптастыру маман даярлауда маңызды мәселелердің бірі болмақ. Дуальды жүйемен оқытудың артықшылығы: біріншіден, түлектерді жұмыспен қамтамасыз ету.

2018–2023 жж. аралығында «Архивтану, құжаттану және құжаттаманы басқаруды қамтамасыз ету» бағыты бойынша бітірген бакалавр – 229, магистрлар – 48, докторанттар – 7 (диаграмма 2).

Диаграмма 2. 2018–2023 жж. бітірушілердің саны



Барлықтары жұмыспен қамтылған. Қазіргі таңда ҚР Президенті Архивіндегі қызметкерлердің 21-і ҚазҰУ түлектері.

Екіншіден, білім алушылардың кәсіби ортаға тез бейімделуіне әсер етеді, яғни, олар жұмыс берушілердің қойған талаптарын игеріп, кәсіби еңбек дағдыларды меңгерген тәжірибесі бар маман бола алады. Үшіншіден, өз мамандығына деген қызығушылықтарын одан әрі арттыру, яғни білім беру сапасын көтеру. Сондай-ақ, білім алушылар өндірістегі соңғы жаңалықтардан хабардар болып, архив ісі және құжаттану саласындағы заманауи талаптарды меңгереді.

Әлеуметтік серіктестік шеңберінде 2017 жылдан бастап Халықаралық архив тәжірибелерін зерттеу, жаңа практикалық шешімдерді қалыптастыру және жас архившілердің біліктілігін жетілдіру мақсатында ғылыми-әдістемелік, ақпараттық-аналитикалық алаң ретінде жыл сайын Халықаралық жас архившілердің Жазғы мектебі ҚР Президенті Архиві, Ресей мемлекеттік гуманитарлық университеті және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұйымдастырылуымен өткізілуде.

Жас архившілердің жазғы мектеп жұмысына шетелдік спикерлер: Польшаның Ұлттық зерде институты Архивінің директоры Марзена Крук, Ұлттық зерде институтының қызметкері Станислав Коллер және АҚШ-тың Мэриленд университетінің профессоры Адам Крисберг, Ресей мемлекеттік гуманитарлық университетінің профессоры М.В. Ларин, Польшаның Мария Склодовская-Кюри Университетінің оқытушысы Phd докторы Артур Горак қатысты. Яғни, американдық спикердің, Еуропа сарапшыларының, ресейлік спикердің жас архивистердің жазғы мектеп жұмысына қатысуы өткізіліп отырған шараға қосымша серпін берді. Жыл сайын жазғы мектепке қатысушылардың саны да өсуде.

Егер 2017 жылы (жазғы мектептің апробациядан бірінші рет өткен кезеңі) іс-шараға 50-ден астам адам қатысса, ал II (2018 ж.), III (2019 ж.), IV (2021ж.), V (2022 ж.) жазғы мектепте қатысушылар саны екі және одан көп есе өсті. 2021–2022 жылдары пандемияға байланысты онлайн форматта өтті. II–V жазғы мектептерге қатысуға ТМД елдерінің жас архивистерін тарту туралы шешім Қазақстан архивтерінде тап болған архив ісін дамыту, мамандарды даярлау, кадрлармен қамтамасыз ету, нормативтік-әдістемелік қамтамасыз ету мәселелері ТМД мемлекеттерінің архив саласы үшін де ортақ және өзекті болып табылатындығымен туындады. Сондай-ақ ТМД елдері шеңберінде архивистер үшін үнемі өткізілетін кәсіби диалог алаңдарының жоқтың қасы.

Жазғы мектеп тыңдаушыларының құрамы да әр түрлі. Қатысушылардың статусы бойынша студенттер, магистранттар, ЖОО оқытушылары мен Қазақстан және шетелдер архив қызметкерлері атсалысты. Академиялық мазмұны жағынан жазғы мектеп жұмысында қолданбалы және іргелі, маңызды теориялық мәселелер қарастырылды. Жазғы мектеп бағдарламаларында дәрістер, панельдік айтыстар, мастер-кластар, презентациялар, Алматы қаласының архивтеріне экскурсиялар қамтылған. Сонымен қатар мектеп шеңберінде «Архивтерді цифрландыру: архивтік құжаттарды сақтау және пайдалану мәселелері» мен «Архивтану, құжаттану және археография саласындағы ғылыми зерттеулердің нәтижелерін түсіндіру, сынау және енгізу» атты алғаш рет докторанттар арасында пікір алмасу форматында дөңгелек үстел өткізілді. Докторанттар ғылыми зерттеулер нәтижелерімен бөлісті.

Жазғы мектеп жұмысында архив ісіне ақпараттық технологияларды енгізу, кадр дайындау, архив құжаттарын жариялау сынды өзекті мәселелер көтерілді. Әр түрлі елдердің архивтерін электронды құжаттармен толықтыру әдістеріне шолу жасау қазіргі уақытта бәріне бірдей ортақ қолданылатын тәсілдің жоқтығын көрсетеді. Кейбір электронды құжаттар ұзақ мерзімді (тұрақты) сақтауды қажет етеді. Сондықтан іс жүргізуде және архивте электронды құжаттармен жұмыс жасау үшін берік нормативтік-әдістемелік базаны құру қажеттілігі қарастырылды.

Дәріс жасаған спикерлер мына мәселелерді көтерді:

- 1) Электронды құжаттарды басқару және оларды сақтау.
- 2) Архив құжаттарының қолжетімділігі.
- 3) Архив ісі саласында нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру.
- 4) Архив және құжаттану салаларында мамандарды даярлау.

I және II жас архившілердің жазғы мектеп жұмысының нәтижелері 2018 жылы алғаш рет жарияланды [29].

Жазғы мектепті табысты аяқтаған қатысушылар өз саласындағы білімі мен тәжірибесін алмасып қана қоймай, кәсіби қабілеттерін де дамытуға мүмкіндік алады, соңында халықаралық сертификат беріледі. Мұның өзі жастардың мамандыққа деген қызығушылықтарын арттыра түседі.

Жазғы мектептерді өткізудің маңыздылығы білім алушыларға мамандық бойынша жаңа білім, дағдылар, құзыреттер алуға ықпал етеді, пәнаралық бағыттарды дамытады. Студенттер мен магистранттарды ғылыми-зерттеу жұмыстарына тартуға және тәжірибелік дағдыларды игеруге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, жазғы мектеп барысында өтетін іс-шаралар қатысушылардың корпоративтік мәдениеттің заман талабына сай дамытуына оң әсер тигізеді, әріптестер, оқытушылар мен білім алушылардың оқыту мен қарым-қатынас жасаудың әртүрлі нысандарында өзара әрекеттесу, академиялық ортасы қалыптасады. Жазғы мектеп университеттің әлеуметтік миссиясын жүзеге асыруға, қоғамдық қатынастарды нығайтуға ықпал етеді.

Сонымен, біріншіден, жас архившілердің жазғы мектебі жаңа заманауи форматтағы кәсіби білім алатын алаңына айналды, екіншіден, жазғы мектеп жұмысының негізінде жас мамандар арасында тәжірибелермен алмасуға мүмкіндіктер туды, үшіншіден, шетелдік спикерлердің электронды құжаттар мен архивтерді басқару және оларды сақтауға, архив құжаттарының қолжетімділік мәселесіне арналған дәрістері, архив ісі тәжірибесінде цифрлық технологияларды қолдану және электрондық архивтерді жасау жазғы мектеп жұмысында үлкен бағаға ие болды. Төртіншіден, болашақта шетелдік архивистердің тәжірибесін Қазақстан архивтеріне енгізу мәселелері көтерілді.

Жазғы мектептерге қатысу – тұлғалық дамудың тиімді құралы. Жаңа білім мен кәсіби дағдылардан басқа, жазғы мектептерге қатысушылар әлеуметтік бейімделуден өтеді, белгілі бір құндылықтар жүйесін игереді, атақты отандық және шетелдік ғалымдармен бейресми қарым-қатынас барысында өздерінің дүниетанымын, зерттеу қабілеттерін қалыптастырады және кәсіби біліктіліктерін көтереді.

### **Қорытынды**

Қорытындылай келе, білім берудегі және жастармен кәсіптік бағдарлау жұмысындағы әлеуметтік серіктестікті ұйымдастыруда, дамытуда және қолдауда шешуші рөл жұмыс берушілерге және олардың ұйымдарына тиесілі, олардың негізгі мақсаттары: өз мүдделерін қолдау, біліктілік талаптары мен кәсіптік стандарттарды әзірлеуге қатысу, кәсіптік білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және білім беру мен кәсіптік білім беру бағдарламаларын әзірлеуге атсалысу, заманауи шәкірттік, курстар мен тағылымдамалар бағдарламалары бойынша жастарды даярлауды қамтамасыз ету, тәлімгерліктің әртүрлі нысандарын енгізу есебінен кадрлық резервті қалыптастыру.

Осылайша, ЖОО-ның жұмыс берушілермен өзара арақатынастарын дамыту архив ісі саласы мамандарына қойылатын талаптарды ескере отырып, оқу үдерісін жаңғыртуға, білім беру жүйесінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, жұмыс берушімен серіктестік ретінде нарық заманында бәсекелестікке қабілетті кәсіби мамандарды бірлесе отырып даярлау білім беру жүйесінің сапасын арттыратындығы сөзсіз.

### **Әдебиеттер**

1. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі

2015 жылғы 23 қарашадағы №414-Ү ҚРЗ [электронды ресурс] // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414> [қаралған күні: 05.07.2023]

2. «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 27 маусымдағы №211-Ү ҚРЗ [электронды ресурс] // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000211> [қаралған күні: 10.08.2023]

3. Пак Ю.Н., Нугужинов Ж.С., Пак Д.Ю. Актуальные вопросы социального партнерства «Вуз – Работодатель» в Казахстане // Высшее образование в России. – 2016. – № 3. – С.154-160. – [электронный ресурс] // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/aktualnye-voprosy-sotsialnogo-partnerstva-vuz-rabotodatel-v-kazahstane/viewer>

4. Абдикерова Г.О. Социальное партнерство как современная технология сотрудничества // Вестник КазНУ. Серия философии и социологии. – 2016. – №4 (59). – С.145-149.

5. Жакупов Р.Е., Хасенов М.Х. Социальное партнерство в сфере труда: нормативная основа и баланс интересов // Қазақстан Республикасы Заңнама институтының жаршысы. – 2014. – № 4 (36). – С.138-147.

6. Морова Н.С. Социальное партнерство «Вуз-работодатель» – составная часть региональной кадровой политики // «Актуальные проблемы образования и науки: традиции и перспективы». Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 55-летию Института дошкольного воспитания и 110-летию со дня рождения А.В. Запорожца. Том 3. Федеральное государственное бюджетное научное учреждение «Институт изучения детства, семьи и воспитания Российской академии образования». – 2016 – С.135-144.

7. Патрахин А. И. Стейкхолдер-менеджмент современной образовательной организации // Молодой ученый. – 2016. – № 22. – С. 184–186.

8. Тюкалова Н. В. Социальное партнерство в образовательной практике как фактор повышения качества начального профессионального образования: автореф. дис. ... канд. пед. наук / Н. В. Тюкалова. – Ижевск, 2010. – 32 с.

9. Лутохина Э. Социальное партнерство и его модели в зарубежных странах (опыт и уроки) // Белорусский журнал международного права и международных отношений. – 2003. – № 1. – С. 69–75.

10. Муравьева А. А. Профессиональное образование и обучение в странах Западной Европы: сфера деятельности социальных партнеров // Труд за рубежом. – 2000. – № 4. – С. 117–133.

11. Герасимов А.В. Проблемы формирования социального партнерства в системе образования Европы // Вестник ВГУ. Серия: Проблемы высшего образования. – 2022. – №3. – С. 105-108.

12. Модель И. М. Социальное партнерство в России / И. М. Модель, Б. С. Модель // Социологические исследования. – 2000. – № 9. – С. 42–49.

13. Иванова Н.А. Роль социального партнерства в регулировании трудовых отношений в период экономического кризиса // Экономические науки. – 2011. – №8. – С. 327-331.

14. Социальное партнерство: опыт, технологии, оценка эффективности / [Андрейченко В.В. и др.] под общ. ред. А. А. Нещадина, Г. Л. Тульчинского – Санкт-Петербург: Алтейя, Историческая книга, 2010. – С. 54-59.

15. Полищук Е.А. Институциональные практики регулирования рынка труда молодежи в зарубежных странах // Российское предпринимательство. - 2017 – Т.18 – №5. – С. 831-848.

16. Modern Apprenticeship [электронды ресурс] // URL: <https://www.skillsdevelopmentscotland.co.uk/what-we-do/apprenticeships/modern-apprenticeships/> [қаралған күні: 05.08.2023]

17. Кононова И.В. Управление системой профессионального образования и подготовки



рабочих кадров за рубежом [электронный ресурс] // Журнал «Научный аспект». – 2013. -№2. // URL: <https://na-journal.ru/2-2013-gumanitarnye-nauki/262-upravlenie-sistemoj> (қаралған күні: 01.0.2023).

18. Мандель Б. Сравнительная педагогика: история, теория: учебное пособие / Б. Мандель – Москва, Берлин. – 2019.- С. 518-520.

19. Олейникова О., Муравьева А. Социальное партнерство в сфере профессионального образования в странах Европейского Союза [электронный ресурс] // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sotsialnoe-partnerstvo-v-sfere-professionalnogo-obrazovaniya-v-stranah-evropeyskogo-soyuza/viewer> (қаралған күні: 08.07.2023)

20. Скударёва Г.Н. Зарубежный опыт социального партнёрства в непрерывном педагогическом образовании // Проблемы современного педагогического образования. - 2020. – №4 (67). – С. 320-324.

21. Түймебаев Ж.К. Современная модель исследовательского университета: тенденции [электронный ресурс] // URL: <https://enic-kazakhstan.edu.kz/files/1661505577/1-tuymebayev-zhanseit.pdf>.

22. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы [электронды ресурс] // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

23 Дуалды білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы шарт 21 қараша 2022 жыл

24. Организация архивного дела в Казахстане: практики, проблемы, инновации: коллективная монография / под общ. Ред. Д. Абдукадыровой, Б. Джапарова. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 366 с.

25. Современные принципы, критерии, методы экспертизы ценности документов и отнесения их к составу Национального архивного фонда Республики Казахстан: методическое пособие / составитель Алимгазинов К.Ш. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 50 с.

26. Государственный учет и обеспечение сохранности архивных документов: справочник по архивной работе / сост. Алпысбаева Н.К., Бекишева Г. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 116 с.

27. Оцифровка архивных документов: методические рекомендации / сост.: Алпысбаева, Б. Шайлазымов. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 68 с.

28. Тарихи-құжаттық көрмелерді ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар / Құрастыр. Н.К. Алпысбаева, Ә. Т. Сүлейменова. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 74 б.

29. Материалы I, II Летних школ молодых архивистов стран СНГ (26-30 июня 2017 г., 11-14 июня 2018 г.). – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 150 с.

## Учебно-методическое обеспечение профессиональной подготовки архивистов: зарубежные практики

Елена Степановна Сыздыкова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Архив Президента Республики Казахстан, старший научный сотрудник Центра прикладных и научных проектов, к.и.н.

**Аннотация.** Вопрос профессиональной подготовки архивных специалистов является одним из решающих факторов эффективного функционирования архивной отрасли. Ретроспективная документная информация, находящаяся на хранении в архивах, является частью национального историко-культурного наследия государства, его стратегическим ресурсом. Ее сохранность и передача будущим поколениям зависят от своевременного решения проблемы создания системы полного образовательного цикла, вопроса о том, какие специалисты придут в архивы завтра.

Статья посвящена анализу учебно-методической литературы, которая служит основанием для системного овладения и освоения архивоведческих дисциплин в ряде зарубежных стран. Объектом анализа являются модели архивной системы и созданные в их рамках учебно-методические комплексы. В качестве ориентира взяты модели трех направлений: западного (французская модель), североамериканского (американская модель) и восточного (китайская модель). Анализ опыта развития сферы учебно-методического обеспечения в условиях смены образовательной парадигмы в Казахстане призван способствовать выявлению критериев рационального и успешного овладения слушателями системой необходимых знаний и компетенций, что послужит условием для выработки современных рекомендаций по дальнейшему развитию учебно-методических средств отечественной практики.

**Ключевые слова:** учебно-методическая литература, архивоведение, архивистика, архивное дело, учебник, учебное и учебно-методическое пособие.

## Архившілерді кәсіби даярлауды оқу-әдістемелік қамтамасыз ету: шетелдік тәжірибелер

Елена Степановна Сыздыкова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві, Қолданбалы және ғылыми жобалар орталығының аға ғылыми қызметкері, т.ғ.к.

**Аннотация.** Архив мамандарын кәсіби даярлау мәселесі архив саласының тиімді жұмысының шешуші факторларының бірі болып табылады. Архивтерде сақталған ретроспективті құжаттық ақпарат мемлекеттің ұлттық тарихи-мәдени мұрасының бөлігі, оның стратегиялық ресурсы болып табылады. Олардың сақталуы және болашақ ұрпаққа қалуы, толық білім беру циклінің жүйесін құру мәселесін уақтылы шешілуіне және ертең архивке қандай мамандар келеді деген сұрақтың жауабына байланысты.

Мақала бірқатар шет елдерде архивтану пәндерін жүйелі игеруге негіз болатын

оқу-әдістемелік әдебиеттерді талдауға арналған. Талдау объектісі архив жүйесінің модельдері және олардың шеңберінде құрылған оқу-әдістемелік кешендер болып табылады. Бағдар ретінде үш бағыттың модельдері алынды: олар, батыс (Француз моделі), солтүстік Америка (американдық модель) және шығыс (Қытай моделі).

Қазақстанда білім беру парадигмасының ауысуы жағдайында оқу-әдістемелік қамтамасыз ету саласын дамыту тәжірибесін талдау тыңдаушылардың қажетті білім мен құзыреттер жүйесін ұтымды және табысты игеру өлшемдерін анықтауға ықпал етуге арналған, отандық практиканың оқу-әдістемелік құралдарын одан әрі дамыту бойынша заманауи ұсынымдарды әзірлеудің шарты болады.

Түйін сөздер: оқу-әдістемелік әдебиет, архивтану, архивистика, архив ісі, оқулық, оқу және оқу-әдістемелік құралы.

## Teaching and learning materials for archivists: foreign practices

*Elena S. Syzdykova<sup>1</sup>*

Қоғамда электрондық құжаттың пайда болуы аса маңызды мәселелер бойынша пікірталастың жаңа айналымын тудырды. Ф. Воровскийдің [6, 49 б.] тұжырымдауы бойынша: «құжат бұл – адамның немесе компьютердің жадынан тыс ақпараттың материалдық тірегі. Терминдер мен анықтамаларға сәйкес құжат фактілер, оқиғалар, объективті шындық құбылыстары және адамның психикалық қызметі туралы ақпаратты арнайы материалға әр түрлі жолмен бекіту құралы болып табылады». Бұл анықтамалардан «электрондық құжат» ұғымы адамның тиісті бағдарламалық және ақпараттық құралдардың көмегі арқылы қабылданады деген ой туындайды.

Шрайберг Я.Л. [7, 119 б.] А.И. Земсковтың еңбегіндегі электрондық құжатты «машинада оқылатын түрде жазылған ақпарат мазмұнының толық жиынтығы» деген теориямен келіседі. Автор оған машинада оқылатын құжаттардың бүкіл класын жатқызады, олардың көпшілігі электрондық құжаттар болып табылады деген ой айтады. Қазіргі уақытта «электронды құжат», «машинамен оқылатын құжат» және «технотрондық құжат» ұғымдары синоним ретінде қолданылады. Аталған компьютерлік сөздікке сәйкес, машинада оқылатын құжат ақпаратты автоматты түрде оқуға жарамды құжат «электронды құжат» екені расталады. Бұл дәл компьютерге қатысты. Алайда, сөздің логикасына сәйкес «машинада оқылатын» құжатты пайдалану үшін арнайы техникалық құралдар қажет. Кітапханалық карточкалардың кейбір түрлері машинада оқылатын құжаттар болып табылады, өйткені олардың мазмұнын машинаның көмегінсіз қалпына келтіру мүмкін емес.

Г.Г. Воробьев [8, 67 б.] пен Н.Н. Кушнаренок [9, 230 б.], өз зерттеулерінде электрондық құжаттардың қолжетімді тәсілдерін қорытындылай келе, мазмұны толығымен немесе ішінара перфорациямен, магниттік матрицалық жазбамен және басқалармен көрінетін барлық құжаттар «электрондық құжаттар» екенін көрсетті.

Қазіргі қолданыстағы шетелдік терминологиядан алынған «электрондық ресурстар» деген сөз тіркесін назардан тыс қалдыра алмаймыз. Өйткені электрондық құжатты электронды ресурстар деген қағидатпен келісетін ғалымдар да бар. Олардың қатарына Т.А. Бахтуринаны [10, 102 б.] жатқызуға болады. Автор электронды ресурсты «жариялау, жинау, сақтау, өңдеу, зерттеу, шығару, көшіру, беру және тарату үшін компьютерге (көбіне микрокомпьютер) және байланыс жүйесіне қосылған перифериялық құрылғыларды қажет ететін ақпараттарды «ақпараттық ресурс» деп қарастыруды ұсынады. Жаңа көзқарас тұрғысынан мұнымен келісуге толық негіз бар.

Бүгінгі таңда әлем бойынша электрондық құжат, электрондық ресурстар деп, нақты бөлінбейді, олар жалпы қоғамда «ақпараттық ресурстар» деп аталады. Қазіргі ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуында тұтынушыны ақпараттық сұранысының сапалы және дер кезінде қол жеткізуі қызықтырады. Себебі, қағаз түріндегі басылымдарға қимыл – қозғалыс, дыбыс және видео, барлық мәліметті енгізу мүмкін емес, сол себепті ақпараттық ресурстарды қолданушылардың электронды кітапханаларға сұранысы жоғары. Демек, электрондық құжат ұғымы уақыт пен кеңістікте бір мезгілде бірнеше адам тиімді қолжеткізе алатындығының маңыздылығы тұрғысынан қарастырылуы тиіс.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №827 қаулысымен бекітілген. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жасау барысында көптеген өркениетті, дамыған елдердің тәжірибесі қолданылды. Цифрлық технологияны іске асыру жолында өз жетістіктерімен

танымал болған Австрия, Дания, Аустралия, Канада мен Сингапур секілді елдер Қазақстанға үлгі болды. Нәтижесінде Қазақстан Республикасының сандық кітапханалары әлемдік қауымдастық кеңістігіне шыға алатын мүмкіндіктерге қол жеткізді. Бұл «Креативті қоғам» тұрғындардың цифрлық сауаттылығын арттыру, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы мамандардың біліктілігін жоғарылату, креативті ойлауды және осы арқылы адами капиталды дамытуға мүмкіндік туғызды. Алғашқыда оны іске асырылу мерзімі 2018–2022 жылдарды қамтыды, кейіннен оның аясы кеңейді және басты бес бағыты бар. Олар:

1. Экономика салаларын цифрландыру.
2. Цифрлық мемлекетке көшу.
3. Цифрлық Жібек жолын іске асыру.
4. Адами капиталды дамыту.
5. Инновациялық экожүйені құру.

Қазақстанда заңды түрде «Электронды кітапхананың» халыққа қызмет етуі ХХІ ғасырда басталды. Оны жасақтау барысында сандық форматтағы Ұлттық кітапханалардың ресурстарын дамыту, оның еліміздің аймақтарындағы қызметі және заманауи инновациялық кітапханалық технологиялармен жабдықталуы негізінде қазақстандық ұлттық кітапханалардың ресурстық базасын құру алдыңғы қатарлы халықаралық сандық кітапханаларының тәжірибелер негізінде әзірленді.

Қазақстандағы электронды кітапханға Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасын жатқызуға болады. Ол 2005 жылғы 10 қыркүйекте ресми түрде ашылды. Қазақстанның Астана қаласында ашылған Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапхана ақпараттардың ұлттық электронды сақтау қоймасын құру үшін жаңа компьютерлік жабдықтармен жасақталған зияткерлік орталық құруға бағытталған. Бүгінде Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапхана базасы электронды ресурстарды 50 терабайттан петабайтқа дейін ұлғайтуға мүмкіндік беретін электронды сақтау қоймасы мен серверлер кешені бар.

Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы № 207 «Мәдениет туралы» заңының 24-бабында, «Кітапхана ісі» және 24 бабтың 3 – тармақшасына сәйкес «Қазақстанның ұлттық электрондық кітапханасы» міндеттеріне кітапханалар желісін құру және дамыту, олардың қорларын қалыптастыру және өңдеу, кітапхана пайдаланушыларға кітапханалық, ақпараттық және ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсетуді ұйымдастыру қарастырылған [11] және ол Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің [12] заңнамалық құжаттарында нақтыланған.

Қазақстан Республикасының кітапхана ісін зерттеу мен оны оңалту мәселесімен С.Ә. Жәкішева [13], Б.С. Асанова [14], Р.А. Бердигалиева [15], В.З. Галиев [16], С.А. Исамадиева [17], А.А. Насырова, А.С. Аманова [18], Мұналбаева Ү.Д. [19] және т.б. зерттеушілердің жекелеген зерттеулерінде ғылыми тұрғыда талданып, сарапталған. Аталған авторлардың еңбектерінде Қазақстан кітапхана ісінің қалыптасуы мен дамуы және электронды кітапханалардың оңтайлы инфрақұрылымдары туралы жазылған.

Бүгінгі Қазақстанның электронды кітапханалар желісін дамытудағы мақсаты ақпараттық ресурстар мен қызмет көрсету жүйесін ұйымдастыру және оларды пайдалануда әлемдік деңгейде әртүрлі ақпараттарға жедел түрде қолжеткізуді қамтамасыз ету болып табылады.

Заманауи сандық форматтағы ұлттық кітапханалардың басты міндеті біртұтас электрондық кітапханалық жүйені қалыптастыру, автоматтандыру жұмыстарын кеңейту арқылы қолжазба құқығындағы ақпарат көздерін сандық түрге көшіру арқылы кітапхананың



электрондық құжаттар қорын қалыптастыру (ұлттық қорға басымдылық беріледі).

Қазақстанның сандық форматтағы кітапханалары кітаптарды және басқа да басылымдарды сандық түрге көшіруді төмендегідей категориялар арқылы жүзеге асырады:

- жалғыз данадағы және жиі сұраныстағы «Қазақстан кітаптары» архивтік қорындағы басылымдар;

- сирек кітаптар мен қолжазбалар қорындағы сирек кездесетін, аса құнды және көне басылымдар;

- музыкалық шығармалар мен ноталар;

- «Қазақстан: өткені мен бүгіні» атты дерекқорындағы мақалалар.

Қазақстанның баспасөзінде саяси-қоғамдық маңызы жоғары «Қазақ», «Еңбекші қазақ» және «Социалды Қазақстан» газеттері сандық кітапханаларда электрондық түрге көшірілді [20]. Қазіргі уақытта қазақстандық сандық форматтағы Ұлттық кітапханалар оқырмандарға қажетті электронды ақпараттар қорын жинақтап, оны компьютерлік желілер мен интернет жүйесі арқылы жеткізудің негізгі құралы.

Қазақстан кітапханаларының сандық форматы әлемдік электронды ресурстармен толығыуы керек. Заманауи ақпараттық кеңістікті игеру оқырман санасын оятуға, адамның жетілуіне мүмкіндік бере отырып, оқырмандардың интеллектуалды деңгейін арттырады. Қазақстанның Ұлттық кітапханаларының жүйесін сандық форматқа ауыстыру ақпараттық кеңістікті кеңейтуге, әлемдік қоғамдастыққа енуге, адами ресурстарды қалыптастырудағы білім берудің тиімді жолдарын ұсынады [21]. Сонымен қатар, қазақстандық электрондық ресурстарды таратуда кітапханаларда интернет пен компьютерлер, дербес интерактивті тақталар, электрондық жеткізгіште ақпараттық ресурстарды өңдеу және іздеу, бағалауға мүмкіндік жасау, ақпараттық-талдау қорларын қалыптастыру мақсатында электрондық каталог және картотека ұйымдастырылған.

Қоғамда болып жатқан өзгерістер, қоғамның өркениеттік деңгейге жоғарылауы, ашық ақпараттық кеңістікке өтуіне байланысты Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы базасындағы «РАБИС» ақпараттық-библиографиялық жүйесі автоматтандырылған негізгі үлгісі жаңартылды. Қазақстан Республикасының заманауи сандық форматтағы ұлттық кітапханалары шығармашылық пен зияткерліктің даму ортасына айналды.

2020 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 20 қарашадағы №454 «Кейбір мәдениет ұйымдарына «Ұлттық» мәртебе беру туралы» Жарлығына сәйкес [22] Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына «Ұлттық» деген мәртебе берілді. Ондағы кітап қоры 7 млн. астам сақтау бірлігінен тұрады. Оқырмандардың жыл сайынғы келу саны – 1 млн. астам, кітап берілімі – 2 млн. данаға жуық. Оларға 1,5 мың орындық арнайы 14 оқу залы қызмет көрсетеді.

Кітапхана сайты [www.nlrk.kz](http://www.nlrk.kz) кітапханадағы электрондық каталогтарға және ақпараттық ресурстарға қол жеткізу мақсатымен ұйымдастырылған бірыңғай ақпараттық жүйе болып табылады. Веб-сайтқа жыл сайынғы виртуалды келушілер саны – 1,6 млн. астам [23]. Бұл Қазақстан Республикасы халқының демографиялық санына қарай есептегенде жоғары көрсеткіш.

Қазақстанда Ұлттық электронды кітапхананы қалыптастырудың принциптері мен оңтайлы модельдері негізделген, олар электронды құжаттық кеңістіктің барлық субъектілерімен тығыз қарым-қатынасты және функционалды сипаттамалары бойынша басқа электронды кітапханалармен және коллекциялармен бөлінуді қамтиды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы «Адам құқықтары жөніндегі ашық сандық кітапхана», «Көпшілік құқықтық ақпараттар орталығы», Үнді

мәдениет орталығы, Неміс оқу залы, Ақпараттық даму орталығы, НАТО кітапханасы және басқа да ұйымдармен бірлікте жобалар әзірледі және енгізді. Ынтымақтастық туралы бұл келісімдер кітапхана қызметтері мен ақпараттық ресурстарды әрі қарай электрондауға серпін беретін жаңа жобаларды дамытуды қарастырады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы қызметі халықаралық дәрежеде аталып, ақпараттық қоғам қалыптастыруға өзіндік үлес қосқан әлем кітапханалары туралы түсінік беруді мақсат еткен ИФЛА «Success stories of libraries Building the Information Society» арнайы жобасында әлемдегі үздік кітапханалар тарихы ондығына енді [24].

Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы 2009 жылы 21 сәуірде Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет жөніндегі (ЮНЕСКО) париждік штаб-пәтерінде ашылуы болған Әлемдік цифрлық кітапхана [25] жобасының теңқұқылы қатысушысы болды.

2009 жылы мамырда АҚШ Конгресінің кітапханасы мен Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы арасындағы келісімге қол қойылды. Келісімшартқа сәйкес ӘЦҚ қорына ЭМКҚ-ҚазҰЭК қорынан Шығыстың тарихы мен мәдениеті туралы 17 ескі басылымның электронды көшірмесі берілді [26].

Әлемдік ақпараттық кеңістікте қазақстандық кітапханалардың ақпараттық ресурстарын халықаралық ақпарат желілерімен интеграциялау, Қазақстанның өңірлерін шет мемлекеттермен тура ақпараттық байланыс орнатуға бағытталған. Қазақстандық мамандар Еуропа Кеңесі, Еуропалық комиссия, ИФЛА, ЮНЕСКО т.б. халықаралық ұйымдарының жұмыс тобының қызметтеріне, олар ұйымдастыратын халықаралық форумдар мен тағылымдамаларға қатыса алады.

Халықаралық және отандық тәжірибе көрсеткендей, сандық форматтағы кітапханалардың материалдық-техникалық базасын жабдықтау мен жаңарту әлемнің дамыған елдеріндегі сандық кітапхана қорларына қолжеткізуге мүмкіндік туғызады [27].

Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы Кітапханалық қауымдастықтар мен мекемелердің халықаралық федерациясына (IFLA, 1992), Ұлттық кітапханалар директорларының конференциясына (CDNL, 1992) және «Еуразия Кітапханалық Ассамблеясы» коммерциялық емес серіктестігіне (БАЕ, 1993) мүше болды.

2008 жылдан бастап Қазақстан IFLA/PAC (Сақтау және консервация) негізгі бағдарламасының аймақтық орталығы болып табылады.

Қазақстан Республикасының цифрлы кітапханаларының стратегиялық басымдықтары төмендегідей:

- кітап қорын толықтыру және олардың сақталымын қамтамасыз ету;
- сапалы кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсету;
- жаңа ақпараттық технологияларды енгізу және дамыту;
- республикалық және халықаралық кітапханалық-ақпараттық жобаларды іске асыру.

Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы және АҚШ Конгресінің кітапханасы 2009 жылы өзара ынтымақтастық және Ғаламторда әлемнің әртүрлі елдерінің мәдениеті жайлы көптілдік форматтағы көлемі ауқымды материалдарға тегін қолжеткізу мүмкіндігі үшін Әлемдік сандық кітапхананы дамыту жөнінде келісім жасасты. Әлемдік сандық кітапхананың негізгі мақсаты – халықаралық және мәдениетаралық түсіністікке ықпал ету, Ғаламтордың мәдени мазмұнын кеңейту және түрлендіру, мұғалімдер, ғалымдар және қызығушылық танытушы барлық азаматтарға ақпараттық ресурстарды жеткізу, мемлекетшілік және мемлекетаралық сандық технологиядағы үзілісті қысқарту үшін серіктес-мекемелер арасындағы мүмкіндіктер көлемін ұлғайту болып табылады.

Әлемдік сандық кітапхана сайтында Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы

қорынан бірегей рариттер орналастырылған. Олар Сирек кітаптар мен қолжазбалар қорындағы 4 құжаттың электрондық көшірмелері: қазақ халқының XIX ғасырдағы ағартушысы Абай Құнанбаевтың шығармалары (СПб, 1909); түркі тілдес халықтар кезеңінен екі қолжазбасы – Қожа Ахмет Ясауидің (XVIII ғ.) Рисаласы (Миратул-кулуб) және Насаб-намасы (Қожа Ахмет Ясауидің ата-тегі жайында 1687/88); Орта Азиядағы Бұқара, Хиуа және Қоқан хандықтары және Ресей империясы құрамындағы Түркістан өлкесінің картасы (1875 ж.). Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының осы жазба ескерткіштер туралы жобаны халықаралық деңгейде ұсынуы нәтижесінде әлем пайдаланушылары кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорындағы қазақ халқының мәдени мұрасы болып табылатын құнды құжаттармен танысу мүмкіндігіне қол жеткізді [22, 15 б.].

Еуразия кітапханалық Ассамблеясы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүшелік ететін елдердің кітапханаларының коммерциялық емес серіктестігі, оның басты мақсаты жалпы ақпараттық-кітапханалық және әлеуметтік-мәдени кеңістікті қалыптастыру және нығайту болып табылады.

Еуразия кітапханалар Ассамблеясы 1993 жылдан бастап Халықаралық кітапханалар қауымдастықтары мен мекемелері Федерациясының (ИФЛА) «халықаралық қауымдастық» санатының мүшесі болып табылады. Мемлекеттер арасындағы мұндай достастық ИФЛА-ның кәсіби бөлімшелерінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүшелік ететін елдерінің мамандарының санын көбейтуге ықпал етеді.

ЕКА Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің ұлттық кітапханаларының ортақ кітапхана қызметін сақтау мен дамыту ісін әлемдік деңгейде біріктіру үшін пайда болды [28].

Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы – 2004 жылдың 23 сәуіріндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 461 Қаулысымен құрылды.

2005 жылғы 10 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасының жалпы алаңы 15 000 шаршы метрді құрайтын, қазіргі заманға сай 5 қабатты ғимарат. Мұнда оқырмандарға бар жағдай жасалған. Қазақстан Үкіметінің жаңа жобасы кітапхана процесстерін автоматтандырудың кешенді жүйесімен қатар, кітапхана ісіндегі жаңа технологияларды дамыту және ақпараттардың ұлттық электронды сақтау қоймасын құру үшін жаңа компьютерлік жабдықтармен жасақталған зияткерлік орталық құруға бағытталған.

Бүгінде Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасында электронды ресурстардың 50 терабайттан петабайтқа дейін ұлғайтуға мүмкіндік беретін электронды сақтау қоймасы мен серверлер кешеніне арналған база құрылды. Кітапхана кітапханалық-библиографиялық процесстерді автоматтандыру деңгейі жөнінен республикада көшбасшылық орында.

Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы еліміздің кітапханаларына арналған ақпараттандыру мен автоматтандыруды енгізу бойынша консалтингтік орталық құруды қолға алды [29]. Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы: «Қазақстанның Ұлттық Электронды Кітапханасы», «Қазақстанның қашықтағы кітапханалық академиясы», «Қазақстан кітапханаларының бірегей ақпараттық желісі» деп тақырыпталған ақпараттық жобаларды жүзеге асырды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы қызметіндегі басым бағыттардың бірі – халықаралық ынтымақтастықты дамыту. Яғни халықаралық үкіметтік, қоғамдық, кәсіби ұйымдармен белсенді ынтымақтасқан: ИФЛА, БАЕ, МБИАЦ, ЮНЕСКО, Француз Альянсы, Гете институты, Дүниежүзілік даму банкі, Азия даму банкі, ПРООН, НАТО және басқалар. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мүшелігіндегі елдердің

Ұлттық кітапханаларымен ынтымақтастық туралы Келісім жасады, атап айтқанда: Ресей, Әзірбайжан, Тәжікстан, Қырғызстан, Молдова, Белоруссия, Өзбекстан.

Қазіргі ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы тұтынушы сұранысының сапалы және ақпаратқа дер кезінде қол жеткізуіне мүмкіндік туғызып отыр. Осы уақытқа дейін кітапхана әлеуметтік институт ретінде ақпаратты жинақтап, жүйелеп оны сақтай отырып ақпаратты оқырмандарға жеткізетін негізгі әрі бірегей орын ретінде танымал болды. Бұл тарихи қалыптасқан ұғым ретінде кітапхананың рөліне күмән тудырмай, оқырманның сұранысын басқа мекеме емес нақты киелі орыннан мамандардың саралауы мен жан-жақты негізделіп жинақталған ақпаратты кітапханадан тауып, нақты мәлімет алуда қолжетімді болды. Бірақ қазіргі таңда, баспа түріндегі басылымдарды электронды ресурстар ығыстырып, сандық кітапханалардың рөлі артуда.

Бүгінгі таңда Польшада кітапхана атауы өзгеруде: мультимедиялық ақпарат орталығы, кітапханалық-ақпараттық орталық, ақпараттық-білім беру орталығы, медиатека, өздігінен білім алу, ақпарат орталығы немесе ақпарат қорлары орталығы деп жалпылама аталады [30, 42 б.]. Бұл сандық кітапханалардың жаңа сапада оқырманға жоғары деңгейдегі қызмет көрсетудің жаңа көрінісі.

Осындай әлемдік деңгейде бірыңғай ақпараттық-кітапханалық кеңістікті қалыптастыруда кітапханалардың ортақ желісін құру туралы ұсыныс (автордан):

1. Дамыған мемлекеттердің кітапханалық қорларын барлық мемлекет халықтарына қолжетімділігін қамтамасыз ету.

2 Әлемдік деңгейде сандық кітапханалардың ақпараттары ортақ бір сайтқа жүктелуі тиіс.

3. Бұл сайттың жариялымы Біріккен Ұлттар Ұйымы сияқты халықаралық ұйыммен қадағалануы тиіс.

4. Оның арнайы сайтқа ортақ тіліде жүктелуі арнайы қаулымен бекітілуі тиіс.

5. Әлемдік ортақ сайтқа тіркелген мемлекеттердің сандық кітапханалар ресурстары әлемнің әр азаматына қолжетімді болу керек.

Әлемдік деңгейде мұндай бірыңғай ақпараттық-кітапханалық кеңістікті қалыптастыру мақсатында ортақ сайттың ашылуы әлемнің ғылым, білім және экономика салаларын дамытуға себеп болады. Ізденушінің өзін-өзі дамытуына шексіз мүмкіндік туады.

Қорыта келгенде, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізі 2016 жылы «Зерде» ұлттық холдингінің базасында дайындалғанын еске саламыз. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы IT саласын ғана емес, Қазақстан қоғамындағы көптеген басқа салаларды өркендетуге арналған. Қазақстан Республикасының 2017 жылғы «Цифрлық Қазақстан» атты бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында құрылған Қазақстандағы сандық форматтағы кітапханалар жаңа үлгіде жасақталып, әлемдік деңгейде жұмыс жасау мүмкіндігіне ие болды. Бұл жалпы әлемдік деңгейде «адами капиталды» дамыту мақсатын жүзеге асыруға септігін тигізеді.

Қазіргі таңда электронды технологияның дамуы, электронды басылымдардың әлемде көптеп таралуы, ортақ «Internet» желісінің пайда болуы кітапхана әлеміне де нақты өзгерістер әкеліп, электронды ортадағы басты мақсаттары мен атқаратын қызметтерін сараптауға түрткі болуда. Электронды ресурстардың бірнеше даму стратегиясын белгілеп көрсетуге болады, олар – ұлттық концепциядан бастап локальды бағдарламаларға дейін, сондай-ақ басылымдардың басым көпшілігі электронды ресурстардың қолжетімді болуына арналған.

Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасының ақпараттық технологияларды мемлекеттік жүйеге ендіру, сәйкестендіру жұмыстары негізінде Қазақстанда цифрландыру жүйесі қалыптасты. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында eGov жүйесі электронды

жүйеге ауысты және Қазақстан халқының цифрлы сауаттылығы артты және мұны әлемдік деңгейге көтеру өзекті болып табылады.

### Әдебиеттер

1. Алексеева Е. В., Афанасьева Е. М., Бутова Е. М. Архивоведение / под ред. В. П. Козлова. Москва: Академия, 2005.
2. Антопольский А. Б. Правовые и технологические проблемы создания и функционирования электронных библиотек. Москва: ПАТЕНТ, 2008.
3. Армс В. И. Цифровые библиотеки. Москва: ПИК ВИНТИ, 2001.
4. Великосвят О. Р. Проблемы развития библиотечной сети России. Москва: электрон. науч. журн. [Электронный ресурс] // Междунар. студенч. науч. вестн. 2015. № 4. URL: <https://www.eduherald.ru/ru/article/view?id=13697> (дата обращения: 01.01.2021).
5. Городнова А. А. Развитие информационного общества. Москва: Юрайт, 2017. С. 8–181.
6. Кузьмин В. К. Библиотеки России на пороге XXI века. Москва: Либерия, 2002.
7. Панкова Е. В. Интернет в библиотечной работе: технологии и методы использования. Москва: Первое сентября, 2009.
8. Чачко А. С. Развивающаяся библиотека в информационном обществе. Москва: Либерия, 2004.
9. Майстрович Т. В. Электронный документ как компонент библиотечного фонда. Диссертация доктора педагогических наук. – Москва, 2005. – 437 с.
10. В российской науке идеи П. Отле развивает, в частности, Ю.Н. Столяров. International Federation for Information and Documentation (IFID) [электронды ресурс] // URL: [https://ru.wikipedia.org/wiki/Отле\\_Поль\\_\(Россия\)](https://ru.wikipedia.org/wiki/Отле_Поль_(Россия)).
11. Елицина, Е. Ю. Услуги, реализуемые библиотекой в электронной среде (окончание) / Е. Ю. Елицина // Библиотековедение. – 2009. – № 1. – С. 39.
12. Акилина М. И. Библиотечный социальный институт: два вектора развития // Румянцевские чтения – 2013. Ч. 1: Материалы международной научной конф. (16–17 апреля 2013 г.) / Российская государственная библиотека. – Москва: Изд-во «Пашков дом», 2013. С.13-20.
5. Абызгильдин А.Ю. Электронная библиотека в вузе // Научные и технические библиотеки. – 2003. – № 11. – С. 52 – 56.
13. Воровский Ф. Рынок программного обеспечения для АБИС, или Заграница нам поможет / Ф. Воровский, Н. Каленов, В. Грибов // Библиотека. –1998. – № 5. – С. 47–50.
14. Шрайберг Я.Л. Вклад А.И. Земскова в развитие ГПНТБ России / Я. Л. Шрайберг // Научные и технические библиотеки. – М.: ГПНТБ России, 2019. –№ 1. – С. 119–120.
15. Воробьев Г. Г. Документ: информационный анализ / Г.Г. Воробьев. – М.: Наука, 1973. – 255 с.
16. Кушнаренко Н. Н. Документоведение: Учебник / Н.Н. Кушнаренко. – Киев: Знания, 2001. – 459 с.
17. Бахтурина Т. А. Проблемы взаимосвязи международной и национальной терминосистем в области электронных ресурсов / Бахтурина Т.А. // Научные и технические библиотеки. –2001. –№ 6. – С. 99–106.
18. Қазақстан Республикасының Заңы Мәдениет туралы 2006 жылғы 15 желтоқсандағы №207 [https://kodeksy-kz.com/ka/o\\_kulture/download.htm](https://kodeksy-kz.com/ka/o_kulture/download.htm).
19. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 19 января 2016 года № 44. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 15 февраля 2016 года № 13070 [электронды ресурс] // URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013070>.

20. Жәкішева С.А., Жолдасов А.Т. Қазіргі ақпараттық ортада электрондық кітапханалардың даму жағдайы мен моделі // Цифрландыру дәуіріндегі білім, ғылым және мәдениет. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік интернет конференциясының материалдар жинағы, ISBN 978-601332-725-97, Нур-Султан: Халықаралық Білім және Ғылым академиясы, 2020.-122-126 бб. [электронды ресурс] // URL: <http://bilimacademy.kz/assets/%d0%b6%d0%b8%d0%bd%d0%b0%d2%9b2.pdf> )
21. Асанова Б. С. Құжаттарды аналитикалық-синтетикалық өңдеу: оқу құралы / Б.С. Асанова, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 162 б.
22. Бердигалиева Р. А., Каирбекова А. Г. Роль библиотеки в современной культуре. – Алматы, 2001. – 95 б.
23. Галиев В. З. Библиотечное дело в Казахстане: (Вторая половина XIX – начало XX вв.). – Алматы, 1998. – 136 б.
24. Исамадиева С. А. Историография истории библиотечного дела в Казахстане (1917-1991гг.): монография. – Павлодар: Кереку, 2014. –226 б.
25. Насырова А. А., Аманова А. С. Пособие по библиографии и библиотековедению: учеб. пособие. – Астана: Арман-ПВ, 2007. – 202 б.
26. Мұналбаева Ү. Д. Кітапхана педагогикасы. Тарихы, теориясы, тәжірибесі: (оқу құралы). – Астана, 2015. – 241 б.
27. Национальная библиотека РК: сайт [электронды ресурс] // URL: <http://www.nlrk.kz>
28. Национальная академическая библиотека Республики Казахстан: сайт [электронды ресурс] // URL: <http://nabr.kz>
29. Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы. Ресми сайты [электронды ресурс] //URL:[https://nlrk.kz/index.php?Itemid=507&catid=145&id=792&lang=kz&option=com\\_content&view=article](https://nlrk.kz/index.php?Itemid=507&catid=145&id=792&lang=kz&option=com_content&view=article)
30. Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы.: ресми сайты [электронды ресурс] // URL: [https://nlrk.kz/index.php?option=com\\_content&view=article&id=354&Itemid=205&lang=kz](https://nlrk.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=354&Itemid=205&lang=kz)
31. Қазақстандық Ұлттық. Электронды кітапхана [электронды ресурс] // URL: <http://kazneb.kz/site/page/about>
32. Әлемдік цифрлық кітапхана [электронды ресурс] // URL: <http://www.wdl.org/ru/>.
33. [Электронды ресурс] // URL: <http://www.wdl.org/en/search/gallery/?institution=national-academic-library-of-the-republic-of-kazakhstan-astana>
34. «IFLA School Library Guidelines» Edited by: Barbara Schultz-Jones and Dianne Oberg, 2nd revised edition, June 2015, Endorsed by the IFLA Professional Committee.
35. Құлтуманова А., Ноғайбаева Г., Кусиденова Г., Қабатова Б., Бекіш Р., Қаражанова Д., Алина А., Оспанова Қ., Құлназарова М., Ибраимова Э. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің жағдайы мен дамуы туралы ұлттық баяндама, 2014 жыл. – Астана: ҰБСБО, 2014. –292 б.
36. Қазақстан Республикасы Ұлттық Академиялық кітапханасы. Ресми сайты [электронды ресурс] // URL: <http://nabr.kz/home/projects/kaznebref>
37. Бойченко Е. Н. Периодические издания по техническим наукам в Интернете: доступность электронных ресурсов / Е. Н. Бойченко // Научные и технические библиотеки–2009.–№ 5.–С. 31-44

## ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

«Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві» республикалық мемлекеттік мекемесі тоқсан сайын «Жаңа Архив» ғылыми-әдістемелік журналын шығарады.

Журнал Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген (№ KZ29VPY00056058) және мерзімді басылымдардың халықаралық бірыңғай деректер базасына кіреді (ISSN 2958 6593).

Журналда архивтану, құжаттама, архив ісінің тарихы мен тәжірибесі, іс жүргізу, архив ісі, тұлғатану, деректану, ұлттық тарих, тарихнама, археография, өлкетану саласындағы ақпараттық жүйелер мен технологиялар мәселелері бойынша ғылыми мақалалар, зерттеулер, архивтік құжаттар, сонымен қатар танымдық және ақпараттық сипаттағы бұрын өзге БАҚ-да жарияланбаған шолулар мен хабарламалар жарияланады.

Сіздерді «Жаңа Архив» журналында материалдарды жариялауға белсенді түрде қатысуға шақырамыз.

### МАҚАЛАНЫҢ РЕСІМДЕЛУІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

#### Автор/авторлар туралы ақпарат

- Автордың/авторлардың аты, әкесінің аты, тегі, ғылыми дәрежесі және атағы, лауазымы

- Ұйым атауы, қала, ел

- Байланыс мәліметтері (e-mail, телефон)

**Мақаланың тақырыбы 12 сөзден аспауы керек:**

- қалың қаріп;

- беттің ортасында орналасады

**Аннотация (150-200 сөз).** Мақаланы ұсынған кезде аннотацияларды 3 тілде (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) рәсімдеу қажет. Аннотация мәтінінде абзацтар, дәйексөздер, аббревиатуралар болмауы керек. Аннотацияда күрделі формулалар, мақала тақырыбының қайталануы, жұмыс мәтініне сілтемелер және пайдаланған әдебиеттер тізімі болмауы тиіс. Аннотация мақаланың ерекшеліктерін, құрылымын сақтай отырып, мақаланың қысқаша мазмұнын сипаттайды. Фрагменттерді курсивпен, астын сызуға және т.б. ерекшелуге рұқсат етілмейді.

**Кілт сөздер (5-7 сөз).** Кілт сөздер 3 тілде (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) ұсынылады, жеке сөздерден де, сөз тіркестерінен де тұруы мүмкін, кез келген жағдайда 7 сөзден аспайды. Оларды курсивпен немесе қалың қаріппен жазуға болмайды.

Мақаланың мәтіні кілт сөздерден кейін екі интервалдан соң беріледі.

#### Мақала құрылымы:

- Кіріспе

- Негізгі бөлім

- Қорытынды

- Әдебиеттер тізімі

Редакция қолжазбаларды электронды форматта қабылдайды. Иллюстрациялар (суреттер, кестелер, графиктер, диаграммалар және т.б.) мәтіннің ішіне орналастырылады.

Мәтін Times New Roman қарпімен теріледі, қаріп өлшемі – 14 кегль, жоларалық

интервал – бір, шеттер (барлығы) – 2 см, абзац шегінісі – 1 см.

**Мақаланың көлемі – 9 беттен кем емес, 14-16 бетке дейін.**

Пайдаланылған дереккөздерге сілтемелер дәйексөз көзінің реттік нөмірін және бетті көрсете отырып, төртбұрышты жақшадағы дәйексөзден кейін беріледі, мысалы [1, 25 б.]э

**Кестелер мен графикалық ақпаратқа қойылатын талаптар:**

Егер ғылыми мақалада кестелер және графикалық ақпараттар (диаграммалар, суреттер, фотосуреттер) қолданылса, онда оларды электрондық журналдың талаптарына сәйкес ресімдеу қажет.

Кестелер тікелей мақала мәтініне енгізіліп, нөмірленуі және мақала мәтінде оларға сілтеме жасалуы тиіс. Суреттер, графиктер стандартты форматтардың бірінде ұсынылуы керек: PS, PDF, TIFF, GIF, JPEG, BMP, PCX, PNG. Нүктелік сызбалар 600 dpi рұқсатымен орындалады. Сызбаларда барлық мәліметтер нақты көрсетілуі керек.

### Әдебиеттерді безендіру

**Мерзімді басылымдардағы және мақалалар жинақтарындағы мақала**

1. Гуреев В.Н., Мазов Н.А. Использование библиометрии для оценки значимости журналов в научных библиотеках (обзор) // Научно-техническая информация. Сер.1. - 2015. - N 2. - С.8-19.

**Кітаптар, монографиялар**

2. Земсков А.И., Шрайберг Я.Л. Электронные библиотеки: учебник для вузов. - М.: Либерия, 2003. - 351 с.

**Баяндамалардың тезистері, конференция материалдары**

3. Леготин Е.Ю. Организация метаданных в хранилище данных // Научный поиск. Технические науки: Материалы 3-й науч. конф. аспирантов и докторантов / отв. за вып. С.Д.Ваулин; Юж.-Урал. гос. ун-т. Т.2. - Челябинск: Издательский центр ЮУрГУ, 2011. - С.128-132.

**Электрондық ресурстар**

4. Статистические показатели российского книгоиздания в 2006 г.: цифры и рейтинги. – 2006. [электронный ресурс] // URL: [http://bookhambler.ru/stat\\_2006.htm](http://bookhambler.ru/stat_2006.htm) (дата обращения: 12.03.2009).

**Нормативтік құжаттар:**

5. ГОСТ 7.0.96-2016\* Система стандартов по информации, библиотечному и издательскому делу. Электронные библиотеки. Основные виды. Структура. Технология формирования. - М.: Стандартинформ, 2016. - 16 с.

Редакция жариялауға қабылданған материалдардың стилін, емлесін және тыныс белгілерін өңдеу құқығын өзіне қалдырады.

**Материалдар мекенжайға мына жіберу қажет:** «Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві» РММ, 050010, Алматы қ., Достық даңғылы, 87 б., e-mail: [umc.aprk@gmail.com](mailto:umc.aprk@gmail.com).

Байланыс нөмірі: +7 777 772 00 77, +7 777 723 03 07, +7 (727) 264 38 18, +7 (727) 262 21 72



## УВАЖАЕМЫЕ КОЛЛЕГИ!

Республиканское государственное учреждение «Архив Президента Республики Казахстан» ежеквартально выпускает научно-методический журнал «Жаңа Архив».

Журнал зарегистрирован в Комитете информации Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан (№ KZ29VPY00056058) и входит в международную единую базу данных периодических изданий (ISSN 2958 6593).

В журнале публикуются не изданные ранее в иных СМИ научные статьи, исследования, архивные документы по вопросам архивоведения, документоведения, истории и практики архивного дела, делопроизводства, информационных систем и технологий в сфере архивного дела, персонализма, источниковедения, отечественной истории, историографии, археографии, краеведения, а также обзоры, сообщения познавательного, просветительского и информационного характера.

Приглашаем принять активное участие в публикации материалов в журнале «Жаңа Архив».

## ТРЕБОВАНИЯ К ОФОРМЛЕНИЮ СТАТЬИ

### Информация об авторе/авторах

- Имя, отчество, фамилия автора/авторов, ученая степень и звание, должность
- Название организации, город, страна
- Контактные данные (e-mail, телефон)

### Название статьи не должно превышать 12 слов:

- шрифт полужирный;
- расположение по центру страницы

**Аннотация (150-200 слов).** При предоставлении статьи необходимо оформить аннотации на 3-х языках (казахском, русском и английском языках). В тексте аннотации не должно быть абзацев, цитирования, аббревиатур. Аннотация не содержит громоздких формул, не повторяет название статьи, не содержит ссылок на текст работы и список литературы. Аннотация дает краткое содержание статьи, отражая ее особенности и сохраняя структуру статьи. Не допускается выделение фрагментов курсивом, подчеркиванием и т.д.

**Ключевые слова (5-7 слов).** Ключевые слова оформляются на 3-х языках (казахском, русском и английском языках), могут состоять как из отдельных слов, так и из словосочетаний, в любом случае не превышая 7 слов. Выделять их курсивом или жирным шрифтом нельзя.

Текст статьи дается после ключевых слов через два интервала.

### Структура статьи:

- Введение
- Основная часть
- Заключение
- Список литературы

Редакция принимает рукописи в электронном формате. Иллюстрации (рисунки, таблицы, графики, диаграммы и т.д.) помещаются внутри текста.

Текст набирается шрифтом Times New Roman, размер шрифта – 14 кеглей, межстрочный интервал-одинарный, поля (всего) – 2 см, абзацный отступ – 1 см.

**Объем статьи – не менее 9 страниц, до 14-16 страниц.**

Ссылки на использованные источники приводятся после цитаты в квадратных скобках с указанием порядкового номера источника цитаты и страницы, например [1, л. 25].

**Требования к таблицам и графической информации:**

Если научная статья сопровождается таблицами и графической информацией (диаграммами, рисунками, фотографиями), то оформлять их также необходимо в соответствии с требованиями электронного журнала.

Таблицы должны быть включены непосредственно в текст статьи, должны быть пронумерованы и сопровождаться ссылкой на них в тексте статьи. Рисунки, графики должны быть представлены в одном из стандартных форматов: PS, PDF, TIFF, GIF, JPEG, BMP, PCX, PNG. Точечные рисунки следует выполнять с разрешения 600 dpi. На чертежах должны быть четко представлены все детали.

**Оформление литературы****Статья в периодических изданиях и сборниках статей**

1. Гуреев В.Н., Мазов Н.А. Использование библиометрии для оценки значимости журналов в научных библиотеках (обзор) // Научно-техническая информация. Сер.1. – 2015. – N 2. – С.8–19.

**Книги, монографии**

2. Земсков А.И., Шрайберг Я.Л. Электронные библиотеки: учебник для вузов. - М.: Либерия, 2003. - 351 с.

**Тезисы докладов, материалы конференций**

3. Леготин Е.Ю. Организация метаданных в хранилище данных // Научный поиск. Технические науки: Материалы 3-й науч. конф. аспирантов и докторантов / отв. за вып. С.Д.Ваулин; Юж.-Урал. гос. ун-т. Т.2. – Челябинск: Издательский центр ЮУрГУ, 2011. – С.128–132.

**Электронные ресурсы**

4. Статистические показатели российского книгоиздания в 2006 г.: цифры и рейтинги. – 2006. [электронный ресурс] // URL: [http://bookhamber.ru/stat\\_2006.htm](http://bookhamber.ru/stat_2006.htm) (дата обращения 12.03.2009).

**Нормативные документы:**

5. ГОСТ 7.0.96-2016\* Система стандартов по информации, библиотечному и издательскому делу. Электронные библиотеки. Основные виды. Структура.

Технология формирования. – М.: Стандартинформ, 2016. – 16 с.

Редакция оставляет за собой право редактирования стилистики, орфографии и пунктуации поступивших для публикации материалов.

**Материалы необходимо направить по адресу:** РГУ «Архив Президента Республики Казахстан», 050010, г. Алматы, пр. Достык, 87 б,  
e-mail: [umc.aprk@gmail.com](mailto:umc.aprk@gmail.com).

## DEAR COLLEAGUES!

The Republican State Institution Archive of the President of the Republic of Kazakhstan quarterly publishes the scientific and methodological journal “Zhana Archive”. The journal is registered by the Information Committee of the Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan (No. KZ29VPY00056058) and is included in the ISSN International Centre (ISSN 2958 6593).

The Zhana Archive journal publishes previously unpublished in other sources scientific articles, studies, archival documents on the issues of document and archive management, history and practice of archives, information systems and technologies in the field of archiving, personalities, source studies, national and local history, historiography, archeography, as well as other educational, informational messages and reviews.

We kindly invite you to take an active part in the publication of materials in the Zhana Archive journal.

### ARTICLE DESIGN REQUIREMENTS

#### Information about author or authors

- name, surname, academic degree
- job title, organization, city and country
- e-mail and phone number

#### The title of the article should not exceed more than 12 words:

- font is bold;
- location in the center of the page

**Abstract (150-200 words).** The text of the abstract should not contain paragraphs, citations, abbreviations. The abstract does not contain cumbersome formulas, does not repeat the title of the article, does not contain references to the text of the work and the list of references. The abstract gives a brief summary of the article, reflecting its features and preserving the structure of the article. Selection of fragments in italics, underlining is not allowed.

**Keywords (5-7 words).** Key words consist of both individual words and phrases, in any case not exceeding 7 words. They cannot be in italics or bold. The text of the article should be given after the keywords with two intervals.

#### Article structure:

- Introduction
- Main part
- Conclusion
- Bibliography

The editors accept manuscripts in electronic format. Illustrations (drawings, tables, graphs, diagrams, etc.) are placed inside the text.

The text is typed in Times New Roman font, font size – 14 points, line spacing is single, margins (total) – 2 cm, paragraph indent – 1 cm.

#### The volume of the article is at least 9 pages, up to 14-16 pages.

Links to the sources used are given after the quote in square brackets, indicating the serial number of the source of the quote and the page, for example [1, p. 25].

#### Requirements for tables and graphic information:

If a scientific article is accompanied by the tables and graphic information (diagrams,

figures, photographs), then they must also be formatted in accordance with the following requirements - tables should be included directly in the text of the article, should be numbered and accompanied by a link to them in the text of the article. Figures, graphics must be submitted in one of the standard formats: PS, PDF, TIFF, GIF, JPEG, BMP, PCX, PNG. Bitmaps and should be done at 600 dpi. The drawings must clearly show all the details.

### **Bibliography design**

#### **Article in periodicals and collections of articles**

1. Gureev V.N., Mazov N.A. The use of bibliometry to assess the importance of journals in scientific libraries (review) // Scientific and technical information. Ser.1. - 2015. - N 2. - pp.8- 19. Books, monographs
2. Zemskov A.I., Shraiberg Ya.L. Electronic libraries: textbook for universities. - M.: Libereya, 2003. - 351 p.

#### **Abstracts of reports, conference materials**

3. Legotin E.Yu. Organization of metadata in the data warehouse // Scientific search. Technical sciences: Materials of the 3rd scientific conference. Postgraduates and doctoral students / Rev. for issue S.D. Vaulin; South-Ural State University-T. T.2. - Chelyabinsk: SUSU Publishing Center, 2011. - pp.128-132.

#### **Electronic resources**

Statistical indicators of Russian book publishing in 2006: figures and ratings [Electronic resource]. - 2006. - URL: [http://bookhamber.ru/stat\\_2006.htm](http://bookhamber.ru/stat_2006.htm) (accessed 12.03.2009).

#### **Regulatory documents**

5. GOST 7.0.96-2016\* System of standards for information, library and publishing. Electronic libraries. The main types. Structure. Technology of formation. - M.: Standartinform, 2016. - 16 p.

The editorial board reserves the right to edit the style, spelling and punctuation of materials received for publication.

Materials not included in the current issue will be published in the next issues of the journal.

**Materials should be sent to the address:** *RSI "Archive of the President of the Republic of Kazakhstan", 050010, Almaty, Dostyk Ave., 87 b. e-mail: [umc.aprk@gmail.com](mailto:umc.aprk@gmail.com)*

## **ЖАҢА АРХИВ**

ғылыми-әдістемелік журнал

2023. Т. 2. № 3.

Бас редактор Ә.Қ. Мұстафина

Қағаз пішімі 60x84 <sup>1</sup>/<sub>8</sub>.  
Таралымы 300 дана.

Құрылтайшысы:

«Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві»  
республикалық мемлекеттік мекемесі  
(мекенжайы: Достық даңғ., 87 б  
050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)  
Тел.: +7 (272) 264-69-07, факс: +7 (727) 264-68-21

e-mail: [office@archive.president.kz](mailto:office@archive.president.kz)

сайты: [archive.president.kz](http://archive.president.kz)

Баспахананың мекенжайы:

Әуелбеков к., 98

020000 Көкшетау қ., Қазақстан Республикасы  
Тел.: +7 (7162) 25-62-12, факс: +7 (7162) 25-14-90